



Сабақтың тақырыбы:

Оо дыбысы мен әрпі





Мақсаты: Оқушыларды Оо әрпінің таңбасымен таныстыру, баспаша жазбаша түрін таныту. Дыбыстық фонемалық қызметін модельдеу арқылы өтілген дыбыстарды қатыстырып буын, сөз, сөйлем құрату

Тәрбиелілігі: сауаттылыққа, үйрету, сөйлем құрау, сурет бойынша әңгіме құрау, Отансүйгіштікке тәрбиелеу

Дамытушылығы: Оқушылардың сөздік қорларын молайту, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту



Өтілген материал бойынша

1. Өтілген әріптерге шолу



Аа, Т т, Пп, Нн, Ғғ, Рр, Лл, Уу, Шш, Йй

2. Өтілген әріптер бойынша буын құрап оқыту

та, па, на, ға, ра, ла, уа, ша, ай

3. Дауысты, дауыссыз дыбыстарға бөлу,
топтастыру

4. Өтілген сабақты оқушыларды қатыстыра
отырып бекіту





Жаңа сабақ бойынша:

1. Құпия жұмыртқаны ашайық

**Ол үшін мына жұмбақты шешейік
Сонда жұмыртқа ашылады**

Айдалада ақ отау

Аузы мұрны жоқ отау



**2. Жұмыртқаның ішінен 1 2 3
сандарының сыртында жұмбақ
жазылған соны шешсеңдер өтетін
жаңа әрпі бар сөз шығады**

**Жүрген жерін жалмайды,
Тастан басқа қалмайды**





Саусаққа киіп ем топатай
Инені жүгірттім оп оңай






**Бала біткен соғады,
Жеңіл шарды домалақ.
Ұрсаң ұшып жоғары,
Жерге түсер домалап**



3. От, оймақ, доп сөздеріне дыбыстық талдау




**4. Оо дыбысы мен таңбасын
таныту, дыбыстау арқылы
жуан дауысты екенін, сөз
басында келетінін білдіру**



5. Ойын

“Сөз ойла, тез ойла”

ТОПТЫҚ ЖАРЫС





**7. Мазмұнды суретке ат қою, сөйлем
құрату күз, егін орағы, комбайншылар
оқушылардың құттықтауы, орақ
сөзіне дыбыстық талдау**



*Баған бойынша сөздерді
тізбектеп оқыту*

Ор	ойна	ол	той
Ору	ойла	он	тон
тоғай	шортан	шопан	
торғай	Шолпан	тоған	



Сурет бойынша сөз, сөйлем құрау





Отан сөзін таныту



Мәнерлеп оқу:

Отан – менің ата - анам,

Отан - досым, бауырым

Отан – өлкем, астанам

Отан – туған ауылым

Отан дейміз от жаққан жерімізді

Отан дейміз өсірген елімізді

Отанның шегі де жоқ, шеті де жоқ

Ол бірақ өз үйіңнен басталады

Сергіту:

Қарлығашқа ұқсайды

Қане қанат қағайық

Қарлығаш боп ұшайық

Ұшып – ұшып алайық



Дәптермен жұмыс



Сергіту:

**Жаздық, жаздық бәріміз
Талды әбден қолымыз
Тағы қалам аламыз
Тап таза етіп жазамыз**